

Мәслихаттың 2014 жылғы 11 наурыздағы № 186 "Қостанай облысы Қостанай ауданы Октябрь ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2020 жылғы 21 қыркүйектегі № 559 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 28 қыркүйекте № 9470 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2022 жылғы 24 наурыздағы № 145 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 24.03.2022 № 145 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабы 6-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Қостанай аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мәслихаттың "Қостанай облысы Қостанай ауданы Октябрь ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамын бекіту туралы" 2014 жылғы 11 наурыздағы № 186 шешіміне (2014 жылғы 30 сәуірде "Арна" газетінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4605 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Қостанай облысы Қостанай ауданы Октябрь ауылдық округінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларында:

қазақ тіліндегі 6-тармақ жаңа редакцияда жазылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді:

"6. Бөлек жиынды ашудың алдында Октябрь ауылдық округі ауылдарының қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарына тіркеу жүргізіледі.";

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Қостанай аудандық мәслихатының хатшысы*

*А. Фищук*

*А. Аксаутова*

Қостанай аудандық  
мәслихатының  
2020 жылғы 21 қыркүйектегі  
№ 559 шешіміне  
қосымша  
Қостанай аудандық  
мәслихатының  
2014 жылғы 11 наурыздағы  
№ 186 шешіміне  
қосымша

**Қостанай облысы Қостанай ауданы Октябрь ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы**

| № | Елді мекеннің атауы  | Қостанай облысы Қостанай ауданы Октябрь ауылдық округінің ауылдар тұрғындары өкілдерінің саны (адам) |
|---|--|--|
| 1 | Қостанай облысы Қостанай ауданы Октябрь ауылдық округінің Октябрьское ауылының тұрғындары үшін | 160  |
| 2 | Қостанай облысы Қостанай ауданы Октябрь ауылдық округінің Лиманное ауылының тұрғындары үшін    | 26   |
| 3 | Қостанай облысы Қостанай ауданы Октябрь ауылдық округінің Молокановка ауылының тұрғындары үшін | 34   |
| 4 | Қостанай облысы Қостанай ауданы Октябрь ауылдық округінің Нечаевка ауылының тұрғындары үшін    | 40   |
| 5 | Қостанай облысы Қостанай ауданы Октябрь ауылдық округінің Рыбное ауылының тұрғындары үшін      | 16   |
| 6 | Қостанай облысы Қостанай ауданы Октябрь ауылдық округінің Шоққарағай ауылының тұрғындары үшін  | 10   |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК